




«Балауса» бөбекжай балабақшасы

Педагогтарға арналған семинар-практикум
«Тәрбиешінің педагогикалық этикасы»

Өткізген: Ергалиева В.Б.

наурыз 2021

«Құбыр жасау» жаттығуы

Барлық қатысушыларды ортаға шақыру. Біз тендр ұтып алдық. Тендрде бізге құбыр жасау жұмысы бекітіліпті. Ол құбырды біз қазір мына қағаздар арқылы жасаймыз. Қағаздарды екіге бүктеп, бір-біріне айқастыра қойып, қатысушыларды жақындастыру. Жасалған жұмыс нәтижесін тексеру барысында су жіберіледі, яғни кіші көлемдегі доп.

Бұл жаттығудың да мақсаты бір бірімізге деген ыстық ықылас пен ұйымшылдықты көру, қарым қатынасымыз қаншалықты беріктігін анықтау. Яғни бұл қатынас этикасы деп білеміз.

Бүгінгі талқыға түсетін тақырып педагогикалық этика.

Этика - әдеп мәдениетін теориялық тұрғыдан сараптайтын философиялық ұғым.

Этика (грек. Ethos – дағды, әдет, ғұрып) деген мағынаны білдірсе керек.

Педагогикалық этика - педагогтың әріптестерімен, ата-аналарымен және тәрбиеленушілерімен қарым-қатынас жасауда жалпы әдептік нормаларды басшылыққа алуы.

Қандайда бір мамандықтың да айрықша белгісі болады. Ол адамның үйреншікті әдетінен, сөйлеген сөзінен тіпті киім киісінен де байқалуы мүмкін. Әнші үшін үн, музыкант үшін музыканы ұғу маңызды болса, мұғалім үшін педагогтық әдеп сондай қажет. Педагогтық әдеп адаммен бірге туатын нәрсе емес, ол жүре бара пайда болады, яғни бұл ұстаздың тұрақты творчествасы.

Педагогика теориясын қаншама жетік білгенмен, педагогикалық әдептің қыр – сырын меңгермейінше, педагог ұстаздық шеберлікке қолы жетпейді.

«Көп сөйлеп, созбайын, әдептен озбайын» деп Абай атамыз әдеппен (қысқа-нұсқа) сөйлеудің өзі әдептілік екенін тіктеп айтады. Әдеппен сөйлеу, артық сөз айтпау, дөрекі сөздерді айтпау, қысқа да нұсқа сөз айту – әдептіліктің белгісі. Әдепті болу әр адамның міндеті. Әдептілік адамның ең жақсы қасиеті.

Педагогикалық этика – адамның сырт көрінісі, жүріс тұрысы, сөйлеу мәдениеті, өзін дұрыс ұстауы әрі өз ортасына (барған жеріне лайықты киіну: жұмысқа, қыдыруға, тойға, т.б) байланысты киім-киісі, сөйлеу мәнері, мимика, жесть, дене қимылы жатады.

Жеке адамның сыртқы мәдениеті мен ішкі дүниесінің ұштасып жатуы этикалық сұлулықтың белгісі. А.П.Чеховтың сөзімен айтқанда адамда: бет, киім, жан, ой – бәрі сұлу болу керек. Әрқашан сұлу болып жүрейік.

Балалық өмірдің ең қызықты кезеңдері білім ордасында өтеді. Сол білім ордасының тұлғасы – ұстаз. Ұстаз шәкірттің жан сұлулығын зерделей зерттеп, оның адамдық асыл қасиеттерінің жақсара түсуін қадағалайды, қамқорлық жасайды, өз баласындай көреді. Шәкірт ата-анасынан гөрі ұстаздардан көбірек тәлім-тәрбие алады. Балаға адам ретінде қадірің болу, ол үшін киім киісің, сөйлеу мәнерің, жүріс тұрысың, қарым – қатынасың үлгі болатындай болу керек.

1. **Сонымен қазіргі заман талабына сай ұстаз қандай болуы тиіс?**

2. **Педагогтың киім киісі қандай болу керек?**

Педагогтың шаш үлгісі де, киген киімі де, таққан әшекейлері де балаға ықпал ететіндей киіну керек.

Педагогтың киімі эстетикалық жағынан әсерлі, әдемі, жарасымды болу керек

Педагогтың шаш үлгісі де, киген киімі де, таққан әшекейлері де балаға ықпал ету мақсатында таңдалу керек

Педагогтың жүзі жайдарлы, қозғалыстары жинақы болғаны дұрыс. Педагог өзіне-өзі сенімді

болуы керек

3. Педагогтың бойында қандай этикалық қасиеттер болу керек?

Педагогтың бойында қандай қасиеттер болу керек?

1. Мейірімділік
2. Балаларға деген шынайы махаббат
3. Эмоционалдық байсалдылық
4. Әділдік
5. Балаларға деген зейін
6. Қайырымдылық
7. Сергектік
8. Өмірді сүйгіштік
9. Тіл табыса білу, бәрімен араласа білу
10. Жігер
11. Қарапайымдылық, сабырлық көрсетуі, өзін-өзі басқарып ұстамдылық жасауы, жат қылықтардан бойын аулақ ұстауы, қарым-қатынас жасай алу ептілігі, ол бала үшін құрметті адам.

Педагогтың бойында болмау керек қасиеттер

1. Дөрекілік
2. Баланы жеке тұлға ретінде қабылдамау, сыйламау
3. Әділетсіздік
4. Өзін-өзі ұстай білмеу
5. Әдепсіздік
6. Балаларға немқұрайлы қарау
7. Өзінің мамандығына немқұрайлы қарау

«Тығырықтан шығу» ойыны

Ойынның шарты: Қатысушылар шеңбер құрап тұрады. Жаттықтырушы бір-бірінің қолдарынан ұстап тұруын сұрайды. Бір мезгілде бардығы қолдарын бірге көтеріп, арада пайда болған аралықтан өтіп, әбден бір жерге арасынан адам өте алмайтындай болып жатасып жиналады, тығырыққа тіреледі. Кейін осы шатасудан қолдарын жібермей жазылулары керек.

Шарт: қандай жағдай болмасын бір-бірінің қолдарын босатпауы қажет. Әбден жазылғанда тығырықтан шығады.

Сұрақ: шатасу кезінде кім не сезінді?

Педагогикалық жағдаяттар

1. Сіз балаларды тынышталдырып, оқу қызметін бастадыңыз. Бір уақытта бір баланың қатты күлкісі естілді. Сіз тосыннан ештеңе айтып үлгермей, оған таңдана қарап едіңіз, ол сізге тіке қарап: «Сіз сабақ түсіндірген кезде менің сізге қарап күлкім келеді», - деді. Сіз қандай шешім қабылдайсыз?
2. Топтағы тәртіпті бір бала аяқ астынан сізге: «Менің ойымша, сіз ұстаз ретінде бізге ештеңе үйрете алмайсыз», - деді? Сіз қалай жауап берер едіңіз?

3. Сіз балалардың барлығына бірдей тапсырма бердіңіз. Бір бала «Тапсырманы орындағым келмейді», - деді. Сіздің әрекетіңіз?
4. Тобыңызда бір бала ойламаған жерден «Сіздің маған басқа балаларға қарағанда жақсырақ көңіл бөлгеніңізді қалаймын», - десе, оның мұндай ұсынысына сіз қалай жауап бересіз?
5. Сізді әріптестеріңіз қандай деп есептейді?
6. Егер сіздің әріптестеріңіздің біреуі сіздің затыңызды рұқсатсыз алса өзіңізді қалай ұстайсыз?
7. Ебедейсіз жүретін бір балаңыз абайсызда сіздің стол үстінде тұрған телефоныңызға қолы тиіп, сындырып алды. Сол кінәсі үшін сіз оған мықтап ұрысып алдыңыз. Ол үйіне барып апай басымнан ұрды деп арыз айтты. Ертесіне ата-анасы келді. Сіздің әрекетіңіз қандай?
8. Балалар түскі аста. Досымен ойнап отырған Бағдаулет ыдысты сындырды. Сіз әрине мықтап ұрыстыңыз. Сізді сол күні кешке қонаққа шақырады, Бағдәулетте сол үйге атасымен еріп келген. «Ата, мынау менің апайым, бүгін маған ұрысты» деп есіктен кірер кірместен айқайлап жіберді. Сіз өзіңізді қалай ұстар едіңіз?

«Жылы алақан» жаттығуы

Барлығымыз ортаға келейік. Қазір бір бірімізге қарама қарсы тұрып, біріміз жұдырығызды түйіп, екіншіміз алақанымызды ашып тұрамыз. Алақанын ашып тұрған кісі жұмулы тұрған жұдырықты жылы сөздер айтып ашуымыз керек. Бұдан біздің қарым қатынас этикамыз байқалады. Егер сізге айтылған жылы сөздер әсер етпесе алақаныңызды ашпаңыз.

Қандай әсер алдыңыз?

Мен бүгінгі тақырыпты аша алдым ба?

Маған айтар ұсыныстарыңыз?